

2007 жылғы 1 қарашадағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 71 филиалы мен 48 өкілдігі бар. Алматы қаласында 12 қор және Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ еншілес ұйымы, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы» «БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - «БТА Қазақстан»), «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 9 119 526 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында салымшылардың (алушылардың) шоттың саны 583 424 (6,83%) ұлғайды, оның ішінде қазанда - 156 817 (1,75%) болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда болды: «МЖЗҚ» – 26,67% (есепті айында 0,83 пайыздық тармаққа өсуі), «Қазақстан Халық Банкі» – 21,12% (0,09 пайыздық тармаққа төмендеуі), «ҰларҮміт» – 14,94% (0,17 пайыздық тармаққа төмендеуі) және «БТА Қазақстан» – 9,34% (0,02 пайыздық тармаққа кемуі) немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 72,07% келеді. Ағымдағы жылдың қазан айында 4 қордың үлесі 0,55 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны қазан айында 181 (0,45%) өсіп, 2007 жылғы 1 қарашада жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 762,9 млн. теңгемен 40 573 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 7 594 (23,03%) өсті.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 47,24%, «Капитал» – 17,55%, «ҰларҮміт» - 14,65% және «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,33% немесе осы төрт қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,77% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007 жылғы 1 қарашада 3 826 құрады, олардың дербес зейнетақы шоттарында 47,6 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 74 (1,97%) өсті.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттары санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	на 01.11.06г.	на 01.11.07г.	Өсімі	Өсу қарқыны (%-бен)
-міндетті зейнетақы жарналары бойынша	8 401 370	9 119 526	718 156	8,55
- ерікті зейнетақы жарналары	33 003	40 573	7 570	22,94

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары қазан айында 23,6 млрд. теңгеге (2,13%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 1 131,1 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 221,4 млрд. теңгеге өсті.

2006 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімі - 21,8 млрд. теңге болса, ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында ол 22,1 млрд. теңгені құрады немесе 1,38%-ға өсті.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы	Өсім	(млрд. теңге)
			Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.11.2004	455,0	106,4	30,52
01.11.2005	610,3	155,3	34,13
01.11.2006	844,1	233,8	38,31
01.11.2007	1 131,1	287,0	34,00

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқынының 2006 жылғы 1 қарашадан бастап 2007 жылғы 1 қарашаға дейінгі кезеңде 4,31 пайыздық тармаққа төмендегенін көруге болады.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылары) ие: «Қазақстан Халық Банкі» – 28,90%, «ҰларҮміт» – 17,41%, «МЖЗҚ» – 17,21%, «БТА Қазақстан» – 10,30% және «ГРАНТУМ» - 6,13% жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасынан. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 79,55% келді. Ағымдағы жылдың 5 қордың үлесі 7 базистік тармаққа өсті.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2007 жылдың 1 қарашадағы жағдай бойынша 317,4 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 15,8 млрд. теңгеге (5,25%) артты. Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында «таза» инвестициялық кіріс сомасы 61,7 млрд. теңгеге (24,13%) ұлғайды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	(млрд. теңге)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.11.2004	107,4	12,5	13,17	23,60
01.11.2005	144,6	37,2	34,64	23,69
01.11.2006	223,4	78,8	54,50	26,47
01.11.2007	317,4	94,0	42,08	28,06


Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің 2006 жылғы 1 қарашаға дейінгі өсу қарқыны жыл сайын ұлғайғаны байқалады. Дегенмен, 2006 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда «таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2007 жылғы 1 қарашада 12,42 пайыздық тармаққа төмендеді. Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы

«таза» инвестициялық кірістің үлесі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2007 жылғы 1 қарашаға 1,59 пайыздық тармаққа ұлғайды, сонымен ағымдағы жылдың қазан айында 0,83 пайыздық тармаққа өсті.

«Таза» инвестициялық кіріс сомасы орташа айлық өсу барысында 2006 жылы - 8,4 млрд. теңге, ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айында ол 6,2 млрд. теңге болды немесе 1,4 есеге төмендегенін атап өткен жөн.

Зейнетақы жарналардың жалпы түсуі қазанда 20,9 млрд. теңгеге (2,47%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 867,7 млрд. теңге құрады.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты өсімпұл сомасы өсуде, ол 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 6,9 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 қаңтармен салыстырғанда 28,66% өсті. Өткен жылдың тиісінше кезеңімен салыстырғанда өсімпұл сомасы 1,81 млрд. теңгеге немесе 35,51%-ға ұлғайды.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарына аударымдары маусымда 1,3 млрд. теңгеге (2,23%) өсіп, 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 60,6 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша жалпы сомасы 17,6 млн. теңге, оның ішінде қазан айында 2,9 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары аударылды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттарының аударымдары қазанда 8,3 млрд. теңгеге (4,40%) өсіп, 2007 жылғы 1 қарашада 195,7 млрд. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражаттарын басқа қорларға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 33,62%, «ҰларҮміт» - 15,98%, «Қазақстан Халық Банкі» - 11,46%, «БТА Қазақстан» - 6,30%, «Д.А. Қонаев атындағы» - 7,04% және немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 74,40% келеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 қазаннан бастап кезеңде 24,3 млрд. теңгеге немесе 2,19%-ға өсіп, 1 132,2 млрд. теңге болды.

2006 жылғы 1 қарашадан бастап 2007 жылғы 1 қараша аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 24,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Распределение совокупного объема пенсионных активов

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	116 043	10,25
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	31 545	2,79
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	27 887	2,46
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	40 673	3,59
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 938	1,41
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	69 191	6,11
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы)	69 191	6,11
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ		0,06
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	654	0,06
"Жетысу" ЗАИБЖАҰ" АҚ		17,43
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	197 350	17,43
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	226 995	2,56
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	28 991	2,56
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	195 020	17,22
АО «Дочерняя организация АО «Банк ТуранАлем»	116 278	10,27
АО «Накопительный пенсионный фонд Народного Банка	327 106	28,89
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	23 713	2,09
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	27 356	2,42
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	30 521	2,70
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	1 132 223	100,00

2007 жылғы 1 қарашада инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2007 жылғы 1 қазаннан бастап 33 295 млн. теңгеге немесе 3,09%-ға өсіп, 1 111 687 млн. теңге құрады.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.11.2007	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	305 441	27,48
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	248 198	22,33
Ұлттық Банктің ноттары	57 243	5,15
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	98 210	8,84
акциялар	14 839	1,34
облигациялар	83 370	7,50
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	14 547	1,31
Тазартылған алтын	23 041	2,07
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	502 826	45,23
акциялар	179 455	16,14
облигациялар, оның ішінде	323 371	29,09
Шетел валютасында номинирленген	2 643	0,24
теңгеге номинирленген	320 728	28,85
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	167 253	15,04
Туынды бағалы қағаздар	369	0,03
Жиынтығы	1 111 687	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2007 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 11 036 млн. теңгеге немесе 3,75%-ға өсіп және 305 441 млн. теңге немесе 27,48% болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2007 жылғы қазан айында 8 092 млн. теңге немесе 1,63% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 7 124 млн. теңгеге немесе 4,08%-ға азайып, 167 253 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 14 547 млн.теңгені (1,31%) құрады. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 8,84% болды, бұл 2007 жылғы 1 қазандағы ұқсас көрсеткіштен 0,04 пайыздық тармаққа аз.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 қарашадағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2002 жылғы қазан – 2007 жылғы қазан кезеңіне - 47,00% (инфляцияның жинақталған деңгейі 54,40%);
- 2004 жылғы қазан – 2007 жылғы қазан кезеңіне – 32,09% (инфляцияның жинақталған деңгейі 34,61%);
- 2006 жылғы қыркүйек – 2007 жылғы қыркүйек кезеңіне – 9,43% (инфляцияның деңгейі 11,53%) құрады.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мәндері туралы ақпарат www.afn.kz Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың меншікті капиталы 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 25,9 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 8,5 млрд. теңге немесе меншікті капиталдың көлемінен 32,8%-ы болды. Ағымдағы жылдың қазанында капитал 0,2 млрд. теңгеге немесе 0,8%-ға өсті.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында «Д.А.Қонаев атындағы», «Сенім», «Қорғау» және «РЕСПУБЛИКА» қорларынан өзге барлық қорлар жалпы сомасы 4,4 млрд. теңге пайда (кіріс салығын төлегенге дейін) алды. Пайданың ең көп сомасын «Қазақстан Халық Банкі» - 33,0%, «БТА Қазақстан» - 22,8%, «ҰларҮміт» - 22,7% және «МЖЗҚ» - 15,8% алды және осы 4 қорға қорлардың пайдасының жалпы сомасының 94,3%-ы келді.

2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша меншікті активтер есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 0,3 млрд. теңгеге ұлғайып 20,83 млрд. теңге немесе қорлар капиталының жиынтығы 80,4% болды.

Қорлардың меншікті активтері мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 2,99 млрд. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 14,35%-ы), Қазақстан Республикасының эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы 8,75 млрд. теңге (42,00%), шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы – 0,14 млрд. теңге (0,67%) қаржы салды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға жалпы сомасы 3,37 млрд. теңгені (16,18%), сондай-ақ инвестициялық қорлардың пайлары - 54,18 млн. теңгені (0,26%) және «Кері РЕПО» операциялары - 5,53 млрд. теңгені немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 26,54%-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.11.07
ЖІӨ млрд.теңге*	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 464,1
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,07
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	6,96
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,55
Қорлардың капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,21

* Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша по данным Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан